




Газет 1930 жылдың 10 қазанынан шыға бастады

1 мамыр-Қазақстан халқының бірлігі күні



«Береке түбі- бірлік»

Құрметті аудан тұрғындары! Қадірлі қонақтар!

Сіздерді 1 мамыр- Қазақстан халқының бірлігі күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз!

Халқымызда «Береке түбі-бірлік» деген дана сөз бар. Сондықтан да бүгінгі күн ынтымақты, бірлікті бағалайтын барша қазақстандықтар үшін айрықша күн.

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Біздің бірлігіміз бекем, мақсатымыз ортақ, рухымыз асқақ» деп атап өткендей, алдымызда биік арман, нақты мақсатымыз бар. Сондықтан ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан осындай береке мен бірлігіміз, біздің бай мұрамыз болып қала берері сөзсіз.

Қарт Қаратаудың етегіндегі созақтықтар қашанда бірлікті бағалап, ынтымақты ұлықтаған. Бүгінде татулығы жарасқан, бірнеше этнос өкілдері ауызбіршілікте өмір сүруде. Осындай ынтымақтың арқасында туған жеріміз жылдан-жылға көркейіп, гүлденіп, өркендеп келеді. Мұның бәрі көптің тілегі, халықтың берекесінің арқасы екені сөзсіз.

Қадірменді жерлестер!

Еліміздегі халықтар бірлігі жарасып, Отанымызда әрқашан бейбітшілік пен келісім, достық пен сенім орнасын. Ел іргесі аман, келешегіміз кемел болсын! Баршаңызға мерекелік көңіл-күй, жан-ялылық бақыт, денсаулық, табыс тілейміз!

М.ТҰРЫСБЕКОВ,
Аудан әкімі.
Б.БАЙҒАРАЕВ,
Аудандық мәслихаттың хатшысы.

Созақ ауданының шаруаларын мемлекеттік бағдарламаларға құжатты жеңілдету, қорғалатын аймақта мал жаю ақысын төмендету және өзге де мәселелер мазалайды. Тұрғындар өз өтініштері мен сұрақтарын Түркістан облысының әкімі Өмірзақ Шөкеевке қойып, толыққанды жауап алды. Созақ ауданы тұрғындарымен кездесуге «Атамекен» шаруа қожалығына арнайы келген облыс әкімі диқандар мен жергілікті кәсіпкерлермен кездесіп, сұрақтары мен ұсыныстарын тыңдады. Өңір басшысы су үнемдеу технологиясын енгізу маңызды екенін жеткізді.

— Біз шаруаларға семинарлар өткізіп, тамшылатып суғару және жаңбырлатып суғару тәсілдерін енгізіп жатырмыз. Созақ ауданында да бақша дақылдарынан өнімділікті арттыруға мүмкіндік мол. Жалпы Созақ ауданының әлеуеті өте жоғары. Соның ішінде ауыл шаруашылығы саласында мол



сы кешенді шаралар қабылдануда. Әкімдерге, саяси ұйымдарға, Парламентке нақты міндеттер жүктелді. Бүгін осы реформаларға сәйкес өздеріңізбен жүздесіп тұрмын. Бұрын одақ тұсында Созақты депрессивті аймаққа жатқызып отырғандар болған. Мен мұнымен келіспеймін. Керісінше, Созақтың болашағы өте жарқын деп есептеймін. Уран қоры, фосфор кеніші және ауыл шаруашылығын дамытуға қолайлы аумағы бар. Бұл жақтың мәселелерін де білемін. Сіздер көтерген газ мәселесі біздің назарымызда тұр. Шолаққорғанға газ тарту жұмысы жүріп жатыр. Ол алдағы уақытта шешіледі. Жол құрылысы да аяқталады. Жалпы екі жылда Созақтағы қанағаттанарлық деңгейдегі жолдардың үлесі 80-90 пайызға жетеді деп ойлаймын. Шолаққорғанда мектеп салынады. Жедөл жәрдемге қатысты ұсыныс та қаралып, заң аясында шешім қабылдаймыз, —

ӨМІРЗАҚ ШӨКЕЕВ:

«СОЗАҚТА ГАЗ БЕН ЖОЛ МӘСЕЛЕСІ ШЕШІЛЕДІ»

табысқа жетуге болады, — деген Өмірзақ Шөкеев шаруа қожалығының бастамаларын жоғары бағалады. Бүгінде «Атамекен» шаруа қожалығы жаңбырлатып суғару технологиясын пайдаланып отыр. 40 гектап алқапта мал азығы өсіріліп жатыр.

Одан кейін облыс әкімі мемлекеттік бағдарламалардың көмегімен кәсібін бастаған азаматтар мен тауар өндірушілердің көрмесін тамашалады.

нан сан түрлі бағытта сұрақтар қойылды. Созақтықтар Түркістан мен Созақ арасындағы жол мәселесін, Балдысу елді мекенін сумен қамту, Құмкент ауылына жол салу, медицина және жедел жәрдем саласындағы әуре-сарсаң, спорт кешені тапшылығы, ауданды газдандыру, ауыл шаруашылығына несие беру және өзге де түйткілдерді қозғады. Өңір басшысы алдымен елдегі саяси реформаларға тоқталып, сұрақтарға жауап берді.

деді Өмірзақ Шөкеев.

Кездесуден кейін облыс әкімі тұрғындарды жеке қабылдап, мұң-мұқтаждарын тыңдады. 20-ға жуық созақтық тұрғын жеке мәселесі бойынша өңір басшысымен жүздесті.

Созақ ауданында 2021 жылы ауыл шаруашылығы саласындағы жалпы өнім көлемі 17,6 млрд. теңге болып, 2020 жылдың осы мерзімімен салыстырғанда арта түскен. Ауыл шаруашылығының негізгі капиталына 320 млн.теңге инвестиция тарту межеленсе, 378,3 млн. теңге тартылған. Аудан бойынша былтыр 14 мың га алқапқа егіс егілді. Сондай-ақ егіс көлемін арттыру мақсатында Созақ ауыл округіндегі «Суындық» каналын күрделі жөндеу жұмыстарына облыстық бюджеттен қаржы бөлініп, 3704 лоток ауыстырылып, 13 шлюз қойылып, пайдалануға берілген.

Облыс әкімінің тапсырмасына сәйкес, «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасына қатысушыларға мемлекеттік гранттар беру жұмысы жанданған. Осы арқылы жеке қосалқы шаруашылықтарда үйіргелік жерлерін дамыту бойынша 52 азамат 29 млн. теңге грант қаржысына ие болған. Сол арқылы тамшылатып суғару қондырғыларын орнатып, 5,2 гектар аумаққа көкөніс, бақша дақылдарын еккен. Айта кетерлігі, «Болыс ата» шаруа қожалығы 143 тонна бақша (қарбыз) дақылдарын Ресейдің Уфа қаласына экспорттады.

Аудандағы бірқатар шаруа қожалықтары ағын суды үнемдеу мақсатында жаңбырлатып суғару қондырғысын сатып алған. Жайылымдарды суландыру мақсатында 73 құдық қазылған.

Түркістан облысы әкімінің баспасөз қызметі.



Мемлекеттік грант иегерлері бизнес бастап, тігіншілік кәсіпті игерген. Нан және сүт өнімдерін шығаруға атсалысып, балық, ет сату бизнесін дамытуда.

Орталық алаңда халықпен кездескен Өмірзақ Шөкеевке тұрғындар тарапы-

— Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы Жолдауында 10 бағыттан тұратын жаңа саяси реформаларын ұсынды. Сайлау жүйесіне өзгерістер енгізді. Күні кеше «Аманат» партиясы төрағалығын да тапсырды. Қазіргі таңда елімізде дағдарысқа қар-



Депутаттар сенбілікте

Аудан орталығы Шолаққорған ауылында аудандық мәслихат хатшысы Байғараев Бегімбет Биімбетұлы бастаған аудандық мәслихат депутаттары «Таза ауыл» экоакциясы аясында жүріп жатқан сенбілік жұмыстарына қатыс-

ты. Аудандағы Жастар аллеясына декоративті ағаштар отырғызды. Сонымен қатар, жасыл аймақ бағыты бойынша атқарылып жатқан жұмыстарды көріп, көшелердің тазалық жұмыстарына да көңіл аударды.

«ТАЗА АУЫЛ» ЭКО-АКЦИЯСЫ ЖАЛҒАСТЫ



«Таза ауыл» эко-акциясы жалғасуда. Бүгінде тұрақты жүргізілген тазалық жұмыстарының нәтижесінде тал көшеттері егіліп, ауыл маңындағы күл қоқыстың басым бөлігі тазаланды.

Жалпы, Шолаққорған ауылы бойынша сектор жұмысында

тазалық жұмыстары тұрақты жүргізіліп келеді. Тұрақты жүргізілген жұмыс нәтижесіне ауыл тұрғындары дән риза. Шолаққорған-Түркістан бағытындағы жол бойына тал көшеттері егіліп, жасыл белдеу аймағы қалыптастыру көзделген.

БАЛА ҰЯДА НЕ КӨРСЕ, ҰШҚАНДА СОНЫ ІЛЕДІ

Тәрбие тал бесіктен басталады. Әке мейірімінен құрысын қандырып, ана сүтінен нәр алып, «Әке ұлағаты» мен «Ана тағылымын» көріп өскен ұрпақ елін, жерін, халқын сүйетін, елінің болашағын, халқының қамын ойлайтын, жоғын жоқтайтын, парасатты, ой-өрісі кең, дүниетанымы жоғары, жан-жақты, білімді де білікті, ұлтжанды тұлға болып қалыптасады.

Адам баласы шыр етіп дүниеге келгеннен бастап, яғни, қоғамға, өзі-өсетін тіршілік ортасының мүшесі болады. Адам дүниеге келісімен өзі көріп отырған адамдардың іс-әрекетіне, қимылына, ас ішуіне, жүріс-тұрысына, сөйлеуіне, ойнауына, әңгімелесуіне таңдана қарап, өзі де сол көргендерді есту мақсатында әрекет жасайды. Осыған байланысты «Ұядан не көрсен, ұшқанда соны ілерсің» – дейді дана халық. Баланың ең әуелгі өсетін ортасы, отбасы баланың көп уақыты отбасымен бірге өтеді. Отбасында жақсы тәрбие алған бала, өскенде сол тәрбиенің ізімен барары сөзсіз. Отбасындағы барлық адамдардың іс-әрекетіне, ба-

ла тәрбиесіне бірінші әсер ететін орта. Бала сол ортаға қарап өседі. Сол үшін балаға тәлім мен тәрбиенің бастауы отбасынан қалыптасады.

Жуырда аудандық балалар кітапханасына Ы.Алтынсарин атындағы жалпы орта мектебінің 1 сынып оқушылары аналарымен келіп, кітаптар әлемімен танысты. Білім орталығының кітапханашысы, Б.Жұмабаева балалар кітапханасының барлық бөлімдерімен жеке дара таныстыра келе, кітап қорына, балалар жылына жасалған жылдық көрмелеріне, тоқталып шолу жасады. Аналар: Төлбасиева Жанар, Қалмұратова Орынша, Абдукаримова Балжан, Болысбекова Мақпал балаларына үлгі болу үшін, өздеріде кітапқа етене жақын екендерін алға тарта келе, мектеп табалдырығын енді атап жатқан балаларына қандай кітап оқуға ұсынар едіңіздер деп, кітапханашылардан кеңес сұрасты. Абонемент бөлімінің кітапханашысы Г.Амангелді кішкентай оқырмандардың үрдісінен шығып, мәнді мағыналы кітаптар ұсынып, қолдарына табыстады.

«Созақ үні»-ақпарат.

КЕЗЕКТІ АППАРАТТЫҚ ЖИЫН ӨТТІ

Аудан әкімдігі аппаратының жиыны өтті. Жиынға аудан әкімінің орынбасарлары, ауыл, кент округ әкімдері мен бөлім, мекеме басшылары қатысты. Аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков жиынды жүргізіп, тиісті бөлімнің атқарылып жатқан жұмыстарды саралап, бірқатар тапсырмалар берді.

Күн тәртібіндегі мәселеге орай бөлім басшылары атқарылған жұмыстарды баяндады. Аудан әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық жолалылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Дулат Байзақов, «таза ауыз сумен қамтамасыз ету жұмыстары мен тұрмыс қалдық тастайтын полигон» туралы хабарлама жасап, бұл бағытта атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталды. Сондай-ақ, ҚР АШМ АӨК МИК Созақ аудандық аумақтық инспекция басшысының міндетін уақытша атқарушы Рима Дәуренбекова, «ауданда фитосанитариялық қауіп-



сіздікті қамтамасыз ету, шегірткеге қарсы шараларының барысы» жайында баяндады. Аудандық жер қатынастар бөлімінің басшысы Бауыржан Әбенұлы пайдаланылып жатқан ауыл шаруашылық жерлерін мемлекет меншігіне қайтару жұмыстарына тоқталып, қазіргі атқарылып жатқан жұмыстарды хабарлады. Кәсіпкерлік және ауыл шаруашылық бөлімінің сектор

меңгерушісі Алмат Алтыбай, индустриялды аймақтың жұмысы, инвестициялық жобаларды іске асыру барысы туралы тоқталды. Аппараттық жиынды қорытындылаған аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков, бөлім мен ауыл, кент округ әкімдеріне бірқатар сала бойынша сын ескертпелер айтты.


«Созақ үні»-ақпарат.

Sitcen kz. бағдарламасы қаншалықты тиімді

Соңғы екі үш жылдан бері білім саласы қалыпты жүйеге келудің орнына, мәселелері күн сайын қордалана түсуде. Оның бәрін түзіп жатпай нақты ұсыныс, пікір, сауалымды жолдайын.

Бірінші кезекте айтпағым Sitcen kz бағдарламасы қаншалықты тиімді. Осы сұрақты депутат ретінде бірнеше мәрте тиісті орындардан сұрадым. Жауабы— бұл пилоттық жоба, тек Түркістан облысында жүргізіліп жатқан эксперимент. Бұл бағдарламаны, болмаса жобаны ойлап тапқан адам тиімді тұсын байқаған да болар. Алайда, менің көзқарасымда бұл өте тиімсіз. Себебі байқағаным, күнделікті тіршілікте білім ұяларына жұмысқа тұру қиынның қиынына айналған сияқты. Депутаттық қабылдау өткізгенімде, тұрақты еңбекпен қамтылу бойынша өтініштер көп болады. Білім ұяларына жұмысқа тұру тәртібі шым шытырық. Мектеп директорлары мен педагогтардың /бос ваканция/ айлап бос тұрады. Неге жаңа басшы тағайындалмайды деп зерттеп келсең тесттен өтсе, конкурстан құлайды, болмаса конкурс өтпей қалады. Әйтеуір себеп салдар созыла береді. Конкурстық комиссия мүшелері облыстың әр аймағынан, ауданынан құрылған. Ол адамдар Созақ ауданының мұғалімін болмаса, директордан үміткер азаматтарды танымайды да. Олардың еңбегінен, практикасынан, біліктілігінен, іскерлігінен, тіпті адами қасиетінен бей мәлім. Қағаз жүзінде ғана танысады. Осы жерде бір ойым сыбайластықты болдырмаймыз деп, сол сыбайластыққа әдемі ыңғайлы жол салып беріп отырған жоқпыз ба.

Мемлекеттік «Жастар практикасы» өте жақсы ойластырылған бағдарлама. Мемлекеттен қаржыланады. Ал енді сол бағдарлама ережесінде, Жастар практикасымен жолданған жас маман белгілі уақытта өзін жақсы маман ретінде таныта білсе автоматты түрде сол мектепке, мекемеге жұмысқа алынуы керек. Бұл заңда көрсетілген. Тіпті заңда Жастар практикасынан өткен мамандар сол мекемеде тұрақты еңбекпен қамтылу керек деп те көрсетілген. Ал біздің мектептерге «Жастар практикасымен» бір жылда жұмыс істеген жас педагогтар мерзімі біткен уақытта, сол өзі практикадан өткен білім ұясында бос жұмыс орны бола тұра автоматты түрде қала алмайды. Себебі білім ұяларына тек қана Sitcen kz арқылы ғана тұрақты жұмысқа қабылдана алады. Бұл



енді заңдардың бір біріне қарама қайшылығын анық көрсетіп тұр.

Айтпағым, болашақ —білімде. Өркениетті ел болу, зайырлы қоғам құру үшін, білімге нақты жүйе керек. Сергек көзқарас қажет. Адам болған соң әр түрлі жағдай болып жатады. Мұғалім ауырып қалуы мүмкін, аяқ астынан қызметтен босап кетуі ықтимал, тіпті дүниеден өтіп кетуі де ғажап емес. Ал енді сондай жағдайларда сабақ, оқушы жайында қалады. «Замен» деген ол бір екі күндік уақытша амал. Негізгі маман Sitcen арқылы конкурстан өтіп келем дегенше айлар өтеді. Оқу программасы тоқтамайды ғой. Екі ортада оқушыларға обал болады.

Енді кіші техникалық қызметкерлерді де /еден жуушы, қарауыл, от жағушы т. б./ осы азаматтарды да конкурспен қабылдау деген тым артықшылық емес пе екен.

Ал бұл орайда Жұмыспен қамту орталығында қаншама педагогтар, жұмыс іздеушілер тіркеуде тұр. Жұмыс таппай.

Осы мәселелерді қысқаша мәлімдей келе:

1. Білім ұяларына Sitcen kz бағдарламасы мейлі /пилоттық жоба болса да/ тиімсіз деп санаймын.

2. Білім саласының қаржысы орталықтандырылғалы бері мәселе көбейді. Сондықтан ауданның бюджетіне қайтарылғаны дұрыс деп санаймын.

3. Білім ұяларының материалдық техникалық базасына нақты, талапқа сай көңіл бөлінсін.

Нұржамал МАЙУСОВА,
Созақ ауданы мәслихатының депутаты.

Ризашылық

Ақ халатты абзал
жанға алғыс

Әлемдегі ең ардақты да құрметті мамандықтың бірі – дәрігерлік. Адам ауруы асқынып, дерті деңдеп, дауа іздегенде ақ халатты жандарға жүгінері анық. Осындай кезде тісқаққан тәжірибелі дәрігер науқасты дертінен құлан-таза айқытырып, аяғына тік тұрғызады.



Дәрігерлердің бұл ерлігіне тамсанған әрбір адам дәрігер болуды және адамдарға жаңа өмір сыйлауды армандайтын шығар. Алайда «ақ халатты абзал жан» деген қастерлі атаққа бәрінің қолы жете бермейді. Себебі ақ халатты абзал жан атану сөз жүзіндегі білімділікті ғана емес, жүректегі батылдық пен төзімділікті қажет етеді. Дәл осы кезде дәрігерлік ілімнің атасы саналатын Гиппократтың: «Дәрігер арыстандай айбатты, қыздай икемді, анадай мейірімді болуы керек» деген ұлағатты сөзі бірден еске түседі. Дәрігер болу-үлкен жауапкершілікті қажет етеді. Себебі, дертіне шипа іздеп келген әр адам өзің дәрігердің емдеп шығатынына сенеді және дәрігерге өмірін сеніп тапсырады. Ал бір адамның өмірін өз мойнына алу- оңай іс емес.

Бүгінгі біздің кейіпкеріміз Чикинаев Ағабек Әлібекұлы-дәл осындай мақтауға тұрарлық азамат. Ол 1974 жылы Ресейдің Тройцк қаласында дүниеге келіп, 1991 жылы Қостанай облысындағы Ұзынкөл ауылында мектеп бітіргеннен кейін сол кездегі Целиноград қаласындағы мемлекеттік медицина институтына оқуға түсіп, 1998 жылы «Хирург» мамандығы бойынша бітіріп шығады. Алғашқы еңбек жолын Қостанай қаласындағы балалар ауруханасында травматолог-ортопед болып бастаған Ағабек қазір Нұр-Сұлтан қаласы, №2 қалалық ауруханасының Ортапедия және реабилитация бөлімінің меңгерушісі, балалар ортопед дәрігері.

Қызымыз Мадалиева Томирисің денсаулығында кінәрат болғандықтан 5 жасынан бастап «Нұр-Сұлтан» қаласындағы осы аталған Ағабек ағамыздың шипалы қолынан ем алуға. Үш жылдан бері қызымыздың тік ішегіне және аяғына бірнеше мәрте ота жасап, қызымызға үміт пен сенім сыйлап, қазіргі таңда Томирис аяғын нық басып, өмірге деген құлшынысы артты. Ағабек ағаның мейірімділігі, емделушілерге деген ерекше ықыласына зор ризашылық білдіреміз. Әрдайым антыңызға адал болып, шипалы еміңізді дарыта беріңіз. Қызымыз Томириске жаңа өмір сыйлағаныңызға зор алғыс айтамыз.

Томирис дәрігер ағасына жүректарды ризашылығын жыр жолдарымен жеткізгісі келіп, өлеңде шығарып үлгерді. Бала көңілден шыққан шумақтар:

*Науқастарды емдеуден жалықпайсыз,
Жүзі жылы, нұрын төгер жарықтайсыз.
Аялы алақанмен емдегенде,
Қалай ғана дертіңнен айықпайсыз.*

*Көтердіңіз менің ауыр дертімді,
Жылағанда көз жасымды сұрттіңіз.
«Сен мықтысың» деп маған, демей болып,
Аяғымды нық басқанша күттіңіз.*

Ізгі тілекпен: Мадалиевтер отбасы.

1 мамыр - Қазақстан халқының бірлігі күні

Халқымызда «Ырыс алды-ынтымақ» деген қанатты сөз бар. Қашанда бірлігі бекем елдің болашағы жарқын. Сондықтан да бұл мереке бейбітшілік пен келісімді бағалайтын барша



жылдан-жылға көркейіп, гүлденіп, кемелденіп, ынтымағы артқан өңір екенін танытуда. Қарт Қаратаудың етегін мекендеген, бірлігі жарасқан тұрғындардың арқасында көптеген шаруалар іске асып, ел

Бірлік бар жерде
тірлік бар

қазақстандықтар үшін айрықша маңызға ие мейрам.

Елімізде біздер басты байлығымыз саналатын бірлікті әрдайым көздің қарашығындай сақтап, нығайтуға тиіспіз.

«Бірлік бар жерде тірлік бар» дегендей ынтымақ пен бірліктің арқасында көптеген шаруалар іске асып, оңды тірліктер атқарылуда.

Халықтар бірлігінің арқасында Отанымызда әрқашан бейбітшілік пен келісім, достық пен сенім салтанат құру үстінде.

Ұлттар мен ұлыстарға мекен болған Созақ елі

игілігі үшін тірліктер жасалуда.

Елімізде халықтар бірлігі жарасып, Отанымызда әрқашан бейбітшілік пен келісім, достық пен сенім орнасын деген тілек айтқым келеді.

Баршаңызға мерекелік көңіл-күй, жанұялық бақыт, игілік, табыс, дендеріңізге саулық тілеймін.

**Садық ӘБДІРАШҰЛЫ,
Бабата ауылдық
ардагерлер кеңесінің
төрағасы.
Ауданның Құрметті
азаматы.**

Ынтымақ пен бірлік
тындырымды тірлікке
бастайды

Біз үшін Қазақстан халқының бірлігі мерекесінің орыны бөлек. Кең байтақ жерімізді мекендеген көптеген ұлттың өкілдері тату-тәтті ғұмыр кешіп келе жатыр. Ынтымақты тірліктің арқасында жарасымды еңбек салтанат құруда.

Сонау қиын-қыстау кезеңдерде қазақ елінен пана тапқан түрлі ұлт өкілдері қазіргі кезде жергілікті халықпен қоян-қолтық араласып, бақытты өмір сүріп келе жатыр. Мұның басты кепілі-ұлттар арасындағы ынтымақ пен бірліктің бекемделігінің арқасы деп түсінеміз.

Жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеу, еңбекқорлыққа баулу, жақсы азамат болып өсуіне алдыңғы буын өкілдерінің қосар үлесі мол. Сондықтан көп жағдайда жас буын өкілдеріне өмірден көрген, көңілге түйген ғибратты дүниелерді үйретуге көптеп көңіл бөлеміз. Көктемнің шуақты күндерімен қатар келетін Қазақстан халқының біплігі мерекесі ел тұрғындарына жылы лебін ала келеді. Бір-бірімізді айтулы мерекемен құттықтап игі тілегімізді арнаймыз.

**Мұхамеджан БАБАЕВ,
Созақ аудандық өзбек этномәдени
қоғамдық бірлестігінің төрағасы.**



Татулық пен достықтың мерекесі



Қазақтың байтақ даласы бүгінде 130-дан артық ұлт өкілдеріне ортақ отан болып тұр. Сол себепті де 1 мамыр – халқымыздың бірлігі күні болып есептеледі.

Әрі бұл күн, Қазақстан халқы үшін ең ірі мерекелердің бірі. Еліміздің барлық өңірлерінде дерлік 1 мамыр тойланады. Мақсаты, ел ішіндегі түрлі ұлт пен дін өкілдерінің бір-біріне деген сый-құрметін арттырып, татулықты, бірлікті, ортақ құндылықтарды насихаттау.

«Бірлік болмай тірлік болмас» деген атам қазақ. Берекені көздеген ел мерекелі тірлік жасаудан жалықпаған. «Береке бастауы бірлік, ел іші тату тірлік» қағидасын ұстанған ел үшін бұл мейрамның орны ерек.

Жыл сайын атаулы мерекеле Қазақстан аумағында тұрып жатқан 130-дан астам ұлт пен ұлыс өкілдері киелі қара шаңырақта тату-тәтті, береке мен бірлікте, бейбітшілік пен ынтымақта өмір сүріп жатқандығын тойлайды.

Бүгінде «Достық» атты бір

шаңырақ астына шоғырланған әрбір ұлттық-мәдени орталықтар мерекеледе ән айтып, би билеп, жалпыхалықтық мейрамда дәстүр мен салтқа толы түрлі көріністер көрсетіледі. Халықтың көңіл-күйін көтеру үшін түрлі спорттық жарыстар ұйымдастырылады. 1 мамыр – Қазақстанда құрылған негізгі мерекелердің бірегейі болып саналады.

1 мамыр – Қазақстан халықтарының бірлігі күні. 1995 жылдың наурызында дүние жүзіне үлгі болып отырған, ұлтаралық татулық пен тұрақтылықтың феномені – Қазақстан халықтары Ассамблеясы құрылды. 1996 жылдан бастап аталған мереке тойланып келеді.

Бұл ешбір елде болмаған ерекше, саяси маңызы зор құрылым. Ассамблея 365 мүшесі, 471-ден астам республикалық, өңірлік, облыстық, қалалық ұлттық-мәдени бірлестіктері 500-ге жуық кіші ассамблея мүшелерінің бастарын біріктіріп, біздің ортақ үйіміз – Қазақстанда шынайы достықты қамтама-

сыз етіп келеді.

Аталған мереке өзара түсіністік, ұстамдылық, әр түрлі ұлттар өкілдерінің рухани және мәдени құндылықтарына құрметпен қарау әдебі барлық этностарға ортақ жалпы халықтық идеалдар мен қасиеттерді қалыптастыруға әсер етті. Нәтижесінде әрбір ұлт конституциялық құқықтық заңнама негізінде өзіне тән этностық ерекшелігін сақтай отырып, Қазақстанның қоғамдық құрылымына үйлесті сіңісе білді.

Қазақстанның саяси жүйесінде маңызды тұтқа болып табылатын Ассамблея бүгінгі таңда барлық этностардың мүддесін ортақ қазақстандық мүддеге айналдыруды, ұлттық ерекшеліктеріне қарамастан барлық азаматтардың құқығы мен еркіндігін сақтауды қамтамасыз ететін қоғамдық институт ретінде толығымен қалыптасты.

Қазақстанда тұратын барлық ұлттар мен этностар қалыптастырған ел бірлігі мен тұрақтылықты сақтауға бағытталған қазіргі мол тәжірибе этнос аралық проблемаларды шешудің әлемдік тәжірибесіне енуде.

Мақсаты – Қазақстан халқының бірлігін нығайту, жастарды достық пен ынтымақтастықта өмір сүруге тәрбиелеу.

Бүгінде әрбір ұлтқа салт-дәстүрлерін жаңғыртуға, мәдениеті мен әдебиетін дамытуға, тілінің жетілуіне қамқорлық көрсетілуде. Осының бәрі қоғамдағы азаматтық ынтымақтастық пен ішкі саяси тұрақтылықты сақтау стратегиясының дұрыс таңдалғаны, ұлтаралық қатынастарды реттеудің тиімді тетіктерінің дұрыс жасалғандығының арқасында мүмкін болуда.

Нұрсұлтан ҚАНАТҰЛЫ.

«Сәрсенбек Теңізбай алпысқа толады» деген жақсы хабар жетті...

Расында, игі жаңалық екен. Азаматтың амандығы, белгілі белесті бағындырғаны, қуанышын жұртшылықпен бөліскі келетіні, шығармашылығы туралы есеп беруді ойлағаны... әлбетте, ер жігіт үшін маңызды жоспарлар.

Біз Сәкенмен 1983 жылы Алматыдағы Абай атындағы Қазақ мемлекеттік педагогика институтына қатар түсіп, бірге оқыдық. Ол кезде 20-ның арғы-бергі жағындағы қияқ мұртты, көзінен от шашқан, маңдайы ашық жігіт. Әбден еңбекке шыңда-

үміз болашақ Тәуелсіз Қазақстанда ер азаматтардан мұғалім аз шығатынына мысал болып жүрдік...

Өмірде қулау, әсіре пысық студенттер болады. Сәкен олардың сортынан емес. Оқуға да, тәртіпке де жауапты болды.

Ауылында шаруашылықта еңбек етіп оқуға түскен Сәрсенбек, әскерге 22 жасында біз секілді 18 жасарлармен қатар шақырылды. Екі жылы екі күндей өтешікті. Ол жақта талай мұсылман баласына аға болған да шығар... Армиядан сапалы, салмақты болып оралды. Бұрынғы өлеңдеріне махаббат тақырыбы қоюла-

Сыпайы Сәрсенбек

лып келген екен. Біз - оқуды бітіре сала түскен «сары ауыздармыз».

Сәрсенбектің төрт қасиеті ерекше көзімізге түсті.

Біріншісі, момындығы мен сыпайылығы.

Екіншісі, өлеңге деген құштарлығы.

Үшіншісі, өңір тарихы мен әулет тарихын там-тұмдап жеткізуге тырысатыны.

Төртіншісі, қыз балаларына (қарындасары ғой) ағалық қамқорлығы.

80-жылдар Алматының студенттік өмірінде күрделі жағдайлар жүріп жататын. Бұл да кеңестік «кең қолтық» саясаттың салдары шығар. Несін айтасыз, жатақханалар студент жігіттер үшін шығармашылыққа қолайлы орын бола қойған жоқ... Сәкен бізбен бірер ай тұрды да, пәтерге шығып кетті.

Біз «жынды» топпен төбелесіп, бәлкім таяқ жеп жатқанда, Сәрсенбек қарапайым өлеңін өріп, сабаққа еркін даярланып жүрді.

Студенттік өмірден екі-үш факті есімде қалыпты.

1983 жылы 30 қыркүйек. Бірінші курстағы ауылшаруашылық жұмысынан келіп, оқуға кіріскелі тұрмыз. Ертең сабақ. Сәкенмен бір бөлмеде жатырмыз. Оқу орны мен жатақхана арасы 15 аялдама. Таңда 6.30-да тұруымыз керек. Ырду-дырду әңгімемен кеш жатқанбыз. Әтеш шақырардың алдында бөлмеде біреудің туфлинің тақ-тұқынан оянддық. Сөйтсек, Сәрсенбек екен. «Ерте тұрған жігіттің ырысы артық» деген осы да.

8 Наурызда қыздарға «открытка» жазып, құттықтайтын қаймана кез. Сонда Сәкен құттықтауын өлеңмен жазатын.

Бір жолы ауылына кетіп, бір сөмке жылқы етін әкелгені есімде. Сөйтіп екі секция толы жігітті тойдырған.

Біз екі топтағы 50 студенттің ішінде 4-ақ жігіт болдық. Қалған 46-сы - қыздар. Сәкен сол балауса қыздарға аға да, жаға да, сана да, пана да болып жүретін. Созақтан шыққан, кейін ақын, публицист болған Төреғали Тәшен (өзі Сәкеннің құрда-сы, бірақ әскерге барып үлгерген), қазір Ақтөбеде университетінде аға оқытушы, тарихи Ойылдың тумасы Басқар Әли (ол да мен секілді мектепті бітіре сала түскен) және Сәрсенбек еке-



на, жігерлене қосылды.

Сәкен практиканы Алматы мектептерінде өтті. Биязы, мәдениетті мұғалім екенін көрсетті.

Біз 1990 жылы ҚазПИ-ді бітірдік. Сәкен тарихи Созаққа кетті. Басында мұғалім, кейін журналистік кәсіпке баулынды. Ауданға, өңірге танымал болды. «Созақ үні» Сәрсенбек Теңізбайдың ізденісімен, сыпайылығымен, мәдениетімен толыса түсті ғой деп ойлаймын.

Бір жолы Астанаға Журналистердің форумына келді. Айтары да, жиғаны да, түйгені де молайғанын байқадым. Ең бастысы, Созақ десе, жанып кетеді. Айналасына туған жерінің тау-тасын, өзен-көлін, тарихи деректерін насихаттаумен болды.

Сол жолы бала-шағасының негізінен жаратылыстану ғы-



Аса құрметті Сәке! Асқаралы 60 жасыңыз құтты болсын! Сізбен таныстығымыз сонау 80 жылдардың басында студенттік өмірдің қаранын бөліп жеген курстас, дос ретінде басталып, 90-жылдары кейін әр тарапқа тарағанбыз. Қатар оқыған жылдары ақырын жүріп, анық басқан, үлкенге іні, кішіге аға бола білген адам ретінде жақсы тани білдік. Институтты бітірген соң елге қарай жол тартып, қазіргі Түркістан облысы, Созақ аудандық «Созақ үні» газетінде журналист, бас редактор қызметінде еңбек етіп келесіз. Осындай ел ортасында өмір мектебінен өтіп, алған тәжірибе, білім зердеңіз алдағы кездегі журналистік қызметіңізге, ақындық өнеріңізге биік баспалдақ болғаны сөзсіз. Қадірлі, Сәке! Ағалық кемел жаста да шығармашылық табысыңыздың мол, жұмысыңыз жемісті, деніңіз сау, отбасыңыздың аман болуына тілектеспін!

**Басқар АЛИЕВ,
Тілек білдіруші курстасы, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің докторанты,**

лымы саласы мамандықтарын таңдағанын естіп, қатты қуандым.

Сәкен алпысына алқынбай, кісілік аяңмен келді.

Курстасымызға «жасыңа жас қосылып, ұзақ жаса!» дей отырып, отбасы-әулетіне, қалың да қажырлы Созақ жұртына кең өріс тілейміз.

**Дихан ҚАМЗАБЕКҰЛЫ,
Л.Н.Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық университетінің проректоры,
ҚР ҰҒА академигі.**

ТОНЫҢ ДА ТОЗБАСЫН, АТЫҢ ДА АРЫМАСЫН!

Сәрсенбек Теңізбаев доспен Абай атындағы ҚазПИ-дің филология факультетінде 1983 жылы оқуды қатар бастадық. Ол өзі бір жылдық дайындық курсынан өтіп барып таяқ іліктірген. Яғни Алматының бір қысын менен бұрын көрген, бір қарын менен бұрын басқан. Жазбамды қыстан бастаған себебім, сол бірінші курста қыс басталғанда Сәрсенбектің үстінде жарасымды қара тоны болды. Созаққа қарағанда Алматының қысы айырықша суық екен. Климаты дымқыл болған соң, суығы сай-сүйегіңнен өтіп, кәдімгідей қалтыратып жібереді. Әлде сол жылы қыс өзгеше суық болды ма екен. Суық болғанда сол -25, 30 градус шығар, ал ол дегенің ауасы құрғақ Арқаның -45 градус аязымен тең. Себебі, жері дымқыл. Сол суықтың әсері болар, ол кезде Алматыда оқитын студент жастар арасында тон кию сәнге айналған. Шопанның балаларында болмаса, торқалы тонға анау-мынауың қолы жетуі қиын. Тон болғанда, кәдімгі қойшыларға арнап үкімет тегін беретін, сыртқы жүні ішіне қаратылып қой терісінен иленген қара тон. «Сыпайы жаурамайды қалтырайды» дегендей, бойдағы жастық қайратпен жаурағанымызды білдірмесек те, өз басым Сәрсенбекті қыз-қыз қайнатып жүрген қара тон көзіме түскен сайын қызығып қарайтынмын. Одан бері де қырық жылдай уақыт өтіпті. Сөйтсем, бұл қара тонның өзіндік тарихы бар екен, әңгімесін былтыр ғана «Созақ үні» газетінен оқыдым-ау деймін. Оқығандардың есінде болар, шап-шағын болғанмен, сол қара тондай жып-жылы екен. Жаныңа еріксіз шуақ ұялатады. Түгел мазмұндап жатпай, бір-екі деталін айтсам, былай: Алматыға оқуға түскен Сәрсенбектің арманы бір қара тон. 1979 жыл мектеп бітірген соң, совхоздың бір отар қойын бағатын әкесіне жәрдемші шопан болып үш жылдай ат үстінде қой баққан, қоймен бірге ой баққан ол қара тонның қадірін сол кезде-ақ жақсы сезінген болар.

Ал Алматының жөні бөлек, жастары тон киюді модаға айналдырған. Күндіз-түні шешесіне қыңқылдап қояды. Себебі, шешесінің бауыры нағашы көкесінің қақ төрінде



қара тон ғой. Кәдімгі Сәбит Мұқановтың «Өмір мектебін» оқып отырғандайсың. Қазақтық, созақтық. Не керек, сол жолы қара тонды қолға түсіріп қуанышы қойнына сыймай қайтқан Сәрсенбекпен бірге тыныстайсың. Сөзіміздің басында айтқан студент күнінде киген, өзіміз сыртынан қатты қызыққан құтты қара тоны сол нағашысынан атай қалап алғаны екен.

Студенттік шақты еске алғанда, Сәрсенбектің жалғыз қара тоны емес, қазақ тілінен сабақ берген

адуынды профессор Фатима Мұсабекова апайдың «мұртты жігіт құртты жігіт» деп жүн-жұрқа көрсе қарадай тиісетін қиылған қара мұртты еске түседі. Пәтер жалдап тұратын ол жатақханаға анда-санда соғатын, онда да қыздардың шайын жағалап кететін, майда сөздің майын тамызып айтатын оны қыздар да бір түрлі жақсы көретін. Сондайда қызыл сөзді қыздырып айтатын қуақы қалжыңдары, қолды-аяққа тұрмайтын елгезектігі, мамыражай мінезі, табиғатының тазалығы еске түседі. Еріксіз жымитатын кейбір қылықтары мен студенттік шақтың таусылмас қызықтарының қайбірін айтып тауысарсың. Әттеген айы, дәл бірінші курсты бітірер-бітірмес көктемде Сәрсенбек азаматтық борышын өтеу үшін екі жылдық әскерге аттанды. Бүкіл курстың қыз-қырқынын жалдап тұрған пәтеріне қоштасу кешіне шақырып, думанда-тып шығарып салғанымыз есімде. Жаңылмасам, өзінің туған айы мамыражай мамыр болса керек. Венгрияда екі жыл әскери борышын өтеген соң, қайтып келіп оқуын жалғастырған ол қырық қыздың ішінде оқыса да, мәңгілік махаббатын мектептегі парталасынан тапты. Сол студент кезінде өзінің сыныптасы Балықбаева Маржанға үйленіп, отбасылық жатақханада тұрып, жұбайлық өмірді бастағанын білемін. Әрине, алғашқы курстастарынан көп кейін 1990 жылы институтты бітірген ол Маржанымен қол ұстасып, ауылға тартты. Алғашқы мұғалімдік еңбек жолын Қызылбайрақ, қазіргі Раң ата ауылындағы Бәтима Батырбекова атындағы орталау мектепте қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болып бастады. «Суыңдық» орта мектебінде директордың тәрби ісі жөнінде орынбасары қызметін атқарды. 1994 жылы аудандық «Молшылық үшін» газетіне қызметке ауысып, алдымен бөлім меңгерушісі, жауапты хатшы, бас редактор болып бір орында табан аудармай еңбек етіп келе жатқанына отыз жылдың бедері болып қалыпты. Қазір «Созақ үні» газетінің бас редакторы. Ауданға сыйлы ел ағасы. Парталас махаббаты Маржаны ұлағатты ұстаз, екі ұл, екі қыздың анасы.

Сонау 1994 жылдан басталған аудандық «Молшылық үшін» газетінің жабылып қалуы сәл алдында шатқаяқтап тұрған қиыншылық жылдарында Сәрсенбектің Шолаққорған мен Шымкенттің арасында небір ақ боран, көк мұзда жарғақ құлағы жастыққа тимей шапқылап, газет үшін сіңірген еңбегі өлшеусіз. Ол замандағы баспаханың май сіңген қорғасынмен терілетін ауыр еңбегін кейінгі жас журналистер білмейді. Газеттің бүкіл қара жұмысын сол қиыншылықта қара нардай атқарды.

Сәкеннің жасырып өлең жазатынын студент кезінен білемін. Өлеңдері туған жер, ана, табиғат жайында, арасында махаббаттың сұлу сазын шөртетіндері болатын. Өлеңдері-пәк көңілден шыққан, таңғы шықтай мөп-мөлдір еді. Бірақ не қолбайлау болып жүргенін білмеймін, бәлкім демеуші таппай жүр ме, әлі кітап шығарған жоқ, білем. Әйтпесе қарымды қаламгер болып қалыптасқан оның бергені де, берері де мол екенін білемін. Әлде өзіне өзінің көңілі толмай талапты тым күшейтіп жіберді ме, әлде соңғы уақытта сырқаттың біраз зардабын тартқан соң денсаулығын әбден түзеп алған соң біржола кіріскелі жүр ме. Не болса да, кешегі кең пейіл жақсылардың жалғасы, сырқанды сақылдардың сарқыты, мамыражай мамырда 60 жасқа ер салғалы отырған мамыражай мінезді құрдасым, тоның да тозбасын, атың да арымасын!

**Төреғали ТӘШЕНОВ,
ақын, Қазақстан Жазушылар
одағының мүшесі,
ҚР Мәдениет қайраткері.**

Әкеге арнау

Асқар тауың әкеге кім жетеді,
Балам деумен аялаумен өтеді.
Қабағынан сезіледі мейірімі,
Жүрегіңді елжіретіп кетеді.

Адалдыққа үйретеді жасыңнан,
Қайта-қайта сипап қойып басыңнан.
Әкелерге қарыздармыз бауырлар,
Олар деген мейірімді асыл жан.

Түзу жолға әркез сені үндейді,
Ұл-қызы үшін шаршауды да білмейді.
Ұшырса да ұясынан ержету,
Әкең сені әр күн сайын іздейді.

Қара шаңырақ қамын әркез тілейді,
Өзге үйлерге кеп бір-ақ күнін түнейді.
Перзенттердің қамын күн сайын,
Ойға батып, уайыммен жүдейді.

Көмпір кеткен- жан-жары әрі сырласы,
Азайып та бара жатыр қатары мен құрдасы.
Жалғызсырап қалғандай ма білмеймін,
Азауда сырласы мен мұңдасы.

Немереден тәттілеу ме шөбере,
Не жетеді бұзықтау бұл немере.
Қатарлары көбейеді жыл сайын,
Әкеңмен көңейіпті-ау керее.

Күн шуақта отырасың тыныстап,
Замандаспен сөйлесесің дұрыстап,
Мерекемен құттықтайды жан-жақтан,
Немерелер келіп жатыр гүл ұстап.

Алдымызда жүре бергін ұзақтау,
Оңай емес уақытты тұзақтау.
Әкелерім жүрсе алдымда,
Кәріліктің ауылы бізге ұзақтау.

Оларды Алла ұзақ-ұзақ сақтағын,
Асыл жандар қорғаның да мақтаның.
Бұл әлемді ұзақ шарласаң да бауырым,
Ондай мейірім іздегенмен таппадым.

Әкеме арнап жаздым мына дастанды,
Аман өткелі Алла әркез асқарды.
Әкелерің болсын дәйім қуатты,
Бойға аламын жанға керек шуақты.

Ақ жауын

Тырс-тырс өтіп, жауын құйды төпелеп,
Немеремді келем мен де жетелеп.
Жердің дағы кіріп қалды шырайы,
Су болмаса айналайын нетер ек.

Нәрін алып тал-теректер бақшада,
Керемет қой жылғадан су ақса да.
Шатырларын төбеге ұстап адамдар,
Гүл көмкерген әдемі ғой тақса да.

Шопан жігіт өргізіп жүр қойларын,
Жүрегіне тоқып қойып ойларын.
Еңбек десе құлшынып тұр жас жігіт,
Көргенім жоқ азаматтың тоңғанын.

Үстіндегі су өтпейтін плащы,
Қыс ызғары оны да бір сынашы.
Даладағы жауынды күн саф ауа,
Деп тұрғандай әсем жырды құрашы.

Бір отар қой қырға қарай беттеді,
Мал біткеннің қызып тұр ғой еттері.
Жусан исі, жалбыз исі аңқиды,
Бұл бір күнге мың күнің де жетпеді.

Мөлдір тамшы тас бетіне қонады,
Әп-сәтте-ақ шаң біткенді жояды.
Шатыр ұстап, бойжеткендер жүр әні,
Бозбалаға күлімдеп ол жымсып ол қояды.

Терезеден сыртқа көз сап отырмын,
Табиғаттан көп сырларды оқырмын.
Қалам алсам шабыт келіп қалғандай,
Жыр жолдарын жүрегіме тоқырмын.

Торғайлар да пана іздеп ұшады,
Балапанға жемін әкеліп құсады.
Көктем келіп, көктем келіп қалғандай,
Қаңтар айы біздің жақта қыс әлі.

Автокөлік бір тынбайды зырлайды,
Жолаушылар сапар салып, тұрмайды.
Ақ жауыным төпелей бер төге бер,
Жаным сүйіп, көңілім қалар мұндайды.



Ақ ұлпа қар

Ақ ұлпа қар жауып жатыр тынбастан,
Балалар жүр шана қуып тынбастан.
Малдар біткен өріс жаққа беттеді,
Сәнін түзеп, бөтеге мен қырды асқан.

Аппақ көрпе жамылыпты дала да,
Тамашалап, тұра бергін қара да.
Көптен күткен мына қардың ғажабы-ай,
Мәз болады әже менен бала да.

Аппақ әлем айналаның бәрі де,
Ақша қарым кең даланың сәні де.
Қан сонарға аңшы шықты қамданып,
Ұзағырақ барайын деп әріге.

Түлкі тұмақ жарасып тұр жігітке,
Жүрегіңде толқып сезім үміт те.
Ақбөкендер еркін кетіп барады,
Түз тағысы адамдардан үрікпе.

Қар бетінде қояндардың ізі бар,
Желмен қамыс тербетіліп ызыңдар.
Құлақ, бетті шымшылайды аяз да,
Суық қарып денең ашып тызылдар.

Тай-құлындар қырға қарай жарысқан,
Ұмтылады қара көрсе алыстан.
Көк дөненге қамшы басты шабандоз,
Тұлпарлар да ауыздықпен алысқан.



Аса құрметті Сәрсенбек досым!

Алла қалауымен, берген денсаулығының арқасында биыл алпыстың асқарына келдің! Ұлды ұяға, қызды қияға қондырдың! Ел-жұрт, дос-жаран, туған-туыстың алдында өзіңнің жайдары мінезіңмен сыйлысың! Зор құрметке иесің! Аудан жұрты еңбекқор жан, ақын жүректі абзал азамат деп біледі. Еткен еңбегің-ерен! Жеткен табысың да бір төбе! Ардақты Сәке!

Ендігі жерде басыңа қонған осыншама бақты баянды етсін деп тілеймін, Жаратқаннан! Жан жарың Маржан екеуің балалардың қызықтарын көре бергейсіңдер! Рамазан айында осы тілеген ниетімді Алла қабыл етпей!
Студенттік дәуірімді бірге өткізген асыл досым, алпысың құтты болсын!

Зор құрметпен,
Бақтығали МАЛШИЕВ.
Алматы.

Анамды аңсау

Сағынып кеттім, Анашым жоқсың қасымда,
Балаушы ем сізді қол жетпейтұғын асылға.
Етекпен ұстап, жабысып алып айырылмай,
Ажырамаушы едім, бір елі сізден жасымда.

Құшаққа алып, маңдайдан сүйіп,
Төгетін едің мейірімін мен шуақты.
Сыбағаларын сақтап, жаныңа түйіп,
Үлестіруші едің тәтті-құттыны тұрақты.

Деуші едің Ана Сәрсенім менің бір төбе,

Сағынышымды жеткіздім сізге жыр төге.
Қатыгез ажал алды да кетті ортадан,
Өткінші өмір білмеймін Ана сөйте ме?

Бар еді сізде арындаған ашу да,
Жанын салатын әкеміз оны басуға.
Адал болуды үйреттің бала-шағаңа,
Бейнет те көрдің асыл анамыз-ау жасыңда.

Ұл-қызым өсіп, қосылды деуші ең қатарға,
Алланы жиі айтушы едің үйде жатарда.
Үрім-бұтағыңды жеткіздің дағы Анашым,
Кете бардың ғой мәңгілік ұзақ сапарға.

Айран-сүттіңді ұлыңа талай жеткіздің,
Келіннен тығып біз жаққа қарай өткіздің.
Мейіздей сақтап бірнеше мәрте әкелдің,
Қазанда қайнап жататын еді өт біздің.

Ауылға барсам шығатын едің алдымнан,
Елудегі ұлын Ана көруші еді балдырған.
Жылы жүзіңнен нұр төгер едің анажан,
Амандық тілеп- үрім-бұтағыңа тағдырдан.

Орының бүгін білініп тұр ғой ойсырап,
Жансыз бейнеңді төріме іліп қойсын-ақ.
Алаңдап сізді іздеймін дағы тұрамын,
Жүректі қармап, мазалай берер ой-сынап.

Топ ана көрсем ішінен сізді іздеймін,
Келіп қалатындай үмітті мүлде үзбеймін.
Сағынып жүрмін, анашым сізді сағынып,
Жабырқау көңіл, жүрегімде күздеі мұң.

Ботадай боздап кей күндер жылап аламын,
Жоқтау жыр жазам қолымнан түспей қаламын,
Мәңгілік өмір ешкімге серік болмаған,
Түбінде ана жаныңа сіздің барамын.

Бір күніңді алтыныңа балайсың...

Өміріңнің жаз бен болар көктемі,
Біздің ғұмыр күз жағына беттеді.
Орта жастан асып қалдық мінекей,
Жастық күндер көз алдымнан кетпеді.

Елуден соң жан-жағыңа қарайсың,
Достарыңмен қымай-қымай тарайсың.
Әр тәулікті қимастықпен өткізіп,
Бір күніңді алтыныңа балайсың.

Келін түсті немерелер қасыңда,
Көңіл -көктем қуаныштан тасуда.
Жүрегің жас сыртың егде тартады,
Кәріліктің басы келді жасыр ма.

Әйелің де сөзді жүре тыңдайды,
Үйде отыр деп күнде сені қинайды.
Шәйін ішіп отырасың қасыңда,
Бұрынғыдай мойнын саған бұрмайды.

Келінменен ұл қызығы өзінде,
Біз де осылай болып едік кезінде.
Сонау күндер көз алдыңда тұрады,
Бөленесің қимастық бір сөзімге.

Салмақты ойлар айтқың келер жастарға,
Әйтсе олар саған көңіл тастар ма?
Төбеден бір түсіп қалған жұлдыздай,
Қол созады биіктерге, аспанға.

Жас келген соң ұлғаяды арманың,
Қуыстайын көрінеді жан-жағың.
Бала-шаға отбасыңды ойлайсаң,
Өзіңе алып тіршіліктің салмағын.

Үй-жай өтіп қойсам дейсің ұлыңды,
Қиясына қондырасың қызыңды.
Ерте тұрып шай-азығын қамдайды,
Келін шырақ сәлем салып сызылды.

Немерелер жүгіреді аталап,
Жүрегіңе түсіреді шапағат.
Жүріңіз деп қолымыздан жетелеп,
Немерелер ойға-қырға апарат.
Немерелер күтіп алар келсең егер қонақтан,
Маңдайынан сүйіп қойып берді дейсің жа-
ратқан.
Қылығы да сүйкімді ғой сүйкімді,
Аталаумен сені өзіне қаратқан.
Шаршағаныңды ұмыттырып деп-демде,
Қызғалдақтай гүл жайнаған көктемде.
Мойныңа кеп асылады немере,
Қозыдайын асыр салған бөктерде.

Немереден тәтті не бар өмірде,
Барлығына жазсын соны көруге.
Өбектейсің, мейіріммен оны кеп,
Жүрегің де шақ қалады еруге.

Иісін айтсай ісі оның балдайын,
Жарығым-ау саған өлең арнайын.
Тәттісің-ау, тәттісің, тәттісің,
Балдайын татып бара жатыр таңдайым.

Сәрсенбек ТЕҢІЗБАЕВ.

Профилактикалық егулерді уақтылы алу-жұқпалы аурулардан қорғайды

Қазақстан бойынша Дүниежүзілік иммундау апталығы (24-30 сәуірге дейін) орайластырылған «Вакциналар: ұзақ және аман – сау өмір сүруге ұмтылу» ұлттық бағарламасының тұжырымдамасы өтуде.

Инфекциялық ауруларға қарсы вакцинациялау – халықты, балаларды, сондай-ақ ересектерді полиомелит, дифтерия, қызылша, сіреспе, көкжөтел, В вирустық гепатиті және тағыда басқалары сияқты ауыр инфекциялардан қорғаудың сенімді тиімді тәсілі.

Пайда болған инфекция өзіннің салдарымен өте қауіпті. Ал, полиомелит көп жағдайда баланы өмір мүгедектік арбасына тәуелді етеді, дифтерия жүректің, орталық нерв жүйесінің зақымдануына апарып соқтырады, егілмеген адамдарда сіреспе азапты өліммен аяқталады.

Дұрысы егілген баламен ересек адам іс жүзінде түрлі инфекциялардан қорғалған ал егілген жан егер ауырса, бұл өте сирек кездеседі, онда ауру жеңіл түрде, ешбір асқынусыз өтеді.

Әрбір елдің өзінің егу күнтізбесі бар. Қаржылық мүмкіндіктеріне эпидемиологиялық жағдайына байланысты. Халықты ауруларға қарсы егетін инфекциялардың саны әртүрлі. Ел не ғұрлым өркеніетті және бай болса, вакцина қолданылатын инфекциялық аурулардың тізбесі соғұрлым кең болады, себебі аурудың алдын алу сырқаттанған адамды емдеуден әлдеқайда жеңіл және арзан.

Дүниежүзінің ғалымдары қазіргі кезде профилактикалық егулерге балама жоқ екенін дәлелдеді.

Барлық вакциналар алдын ала сатылап мұқият бақылаудан өткізіледі және олардың зиянсыздығына кепілдік берілгенде ғана пайдалануға мүмкіндік беріледі. Вакциналардың көмегімен 1980 жылы бүкіл әлемде нағыз шешек ауруы жойылды сал (полиомелит) ауруы жойылуға жақын. Апталық кезінде инфекциялық ауруларға қарсы белгіленген мерзімдерде егілмеген балаларды, оның ішінде иммундау қиына соғатын халықтың санаттарына вакцина егу жүргізіледі. Профилактикалық егулер жайлы қосымша мәліметтер алу үшін Созақ аудандық орталық емханасы мен оған қарасты барлық елді мекендердің әрбір балалар, жасөспірімдер, үлкендер терапевтік дәрігерлік участоктері емдеу дәрігерлері мен ембикелерінен толық мәлімет ала аласыздар.

Көпберген ЭБИШЕКОВ,
Созақ аудандық емханасының дәрігер эпидемиологы.

Зарарсыздандыру әдістері

Зарарсыздандыру (Стерильдеу) - әртүрлі заттарды, тағамдарды және т. б. бұйымдарды тірі микроорганизмдерден физикалық немесе химиялық факторларды қолданып аластау. Зарарсыздандыру мынадай әдістерден тұрады: Дезинфекция. Дезинсекция. Дератизация.

-Дезинфекция – адам мен жануарларда, өсімдіктерде ауру қоздыратын микроорганизмдерді жоюға бағытталған шаралар жүйесі. Залалсыздандыру – жұқпалы аурулардың кең таралып кетуін болдырмау шараларының бірі.

-Дезинсекция – ауру қоздырғыштарын тарататын зиянды жәндіктерді жою үшін мал фермаларында, құс фабрикаларында, ет комбинаттарында, қоймаларда, т. б. қолданылатын мал дәрігерлік-санитарлық шаралардың бірі. Дезинсекцияның мақсаты – ауру қоздырып, тарататын жәндіктерді жою және олардың өсіп - өнуіне, көбеюіне жол бермеу.

-Дератизация –індет ауруларын тарататын кеміргіштерге (егеу құйрық, тышқан, т. б.) қарсы күрес. Дератизация кеміргіштер тарататын түрлі аурулардың (оба, туляремия, құтыру, сарып, күйдіргі, сальмонеллез, т. б.) қоздырғыштарын дер кезінде құрту, олардан сақтандыру үшін жүргізіледі.

Коронавирустық инфекцияның алдын алу

Коронавирустық инфекция COVID-19-SARS-CoV-2 (2019-nCoV) коронавирусымен қоздырылатын ауыр респираторлық инфекция. Ең алғаш Қазақстанда 2020 жылы 13 наурызда коронавирус белгілері бар науқас тіркелген болатын. Содан 2 жыл бойы елімізде ауруға қарсы түрлі іс-шаралар жүргізіліп келеді. Пандемия басталған сәттен бастап еліміз вирустық инфекцияның 5 штамының толқынынан бастан өткізді: альфа, бета, дельта, эта, омикрон және әрбір кезең алдыңғы кезеңмен салыстырғанда ауыр түрде өтіп отырды. Қазіргі таңда елімізде ауру тұрақты деңгейде. Өткен жылы 1 ақпаннан бастап, отандық QazVac вакцинасы өндіріліп шыға бастады. Сол уақыттан бері халыққа коронавирусқа қарсы 6 вакцина егілді: Спутник V, QazVac, Nauat-Vax, SinoPharm, Спутник Лайт және Pfizer. Вакцинаның I компоненті бойынша 10,3 миллион адам, II компонент бойынша 9,7 миллион адам және 2,9 миллион адам ревакцинацияланды. Әлемнің 30 елінде Қазақстанның вакцинация паспортын қабылдауға қол жеткізілді. Науқастарға уақытында көмек көрсетуге арналған 16 модульді және 3 инфекциялық ауруханалар салынды. 184 аудандық ауруханалар ИВЛ аппаратымен және рентген зерттеу аппараттарымен қамтамасыз етілді. Қазіргі таңда елімізде карантин шаралары жеңілдетіліп, бірқатар шектеулер алынып тасталуда. Дегенмен де, Қытай Халық Республикасында коронавирустың қайта өршу деңгейі байқалуда. Мұнда күніне 1300 науқас тіркеліп, бірқатар қалалары карантинге жабылуда. Сондықтан тұрғындарға әлі де аса сақ болуды ескертеміз. Вирустық инфекцияның қайта таралуына жол бермейік!

Қ.АҚҚҰЛИЕВ,
Созақ аудандық СЭББ эпидемиологиялық бөлімінің басшысы.

Жарамсыз деп танылсын

Беркинбаев Жазылбек Неткабиловичтің иелігіндегі 2020 жылы шығарылған «Lada-21214» маркілі автокөлігінің КЗ 164 UAZ/13 санды мемлекеттік тіркеу белгісі жоғалған. Жарамсыз деп танылсын.

2022 жылдың 1 сәуірінен бастап зейнетақы жинақтарының ең төменгі жеткіліктілік шегі өзгеріп, тиісінше тұрғын үй жағдайын жақсартуға және (немесе) емделуге, сондай-ақ инвестициялық портфельді басқарушыға аударуға қолжетімді қаражаттың өзгеретініне байланысты, біз жиі қойылатын сұрақтарға жауаптар дайындадық.

айқындау әдістемесіне сәйкес 2021 жылға есептелген ТЖШ қолданылу мерзімі 2022 жылдың 1 сәуіріне дейін ұзартылды.

Зейнетақы жинақтарының бір бөлігін пайдалану құқығын іске асыру үшін салымшы (алушы):

1. Өз зейнетақы жинақтарын тексеріп, тұрғын үй жағдайын жақсарту және (немесе) емделуге ақы тө-

«банк Фридом Финанс Қазақстан» АҚ, емделуге –«Отбасы банк» тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ. Уәкілетті оператор біржолғы зейнетақы төлеміне арналған өтінішті қарағаннан кейін 2 жұмыс күні ішінде БЖЗҚ-ға электрондық хабарлама жібереді. БЖЗҚ тарапынан алуға қолжетімді сома уәкілетті оператордан электрондық хабарлама келіп

Біржолғы зейнетақы төлемдерін қалай пайдалануға болады?

Бұл материал өздерінің зейнетақы жинақтарын пайдалану туралы шешімді жедел әрі саналы түрде қабылдауға және іске асыруға көмектеседі деп үміттенеміз.

1) 2021 жылға есептелген ең төменгі жеткіліктіліктің «ескі» шектері бойынша тұрғын үй жағдайын жақсартуға және емделуге біржолғы зейнетақы төлемдерін алу үшін өтінімді қай күнге дейін беруге болады?

2022 жылға есептелген зейнетақы жинақтарының ең төменгі жеткіліктілік шегі (ТЖШ) ағымдағы жылдың 1 сәуірінен бастап күшіне енеді. Бұған дейін Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 13 желтоқсандағы №875 қаулысымен Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасын орындау үшін ТЖШ

леу мақсатында алуға болатын зейнетақы жинақтары сомасының бар-жоғына көз жеткізуі тиіс. Мұны БЖЗҚ сайты мен мобильді қосымшасындағы жеке кабинетте және (немесе) электрондық үкіметтің мобильді қосымшасында жасауға болады.

2. Зейнетақы жинақтарының ТЖШ-тен асатын бөлігін пайдалану туралы шешім қабылдаған соң, уәкілетті оператор-банктың интернет-ресурсы арқылы біржолғы зейнетақы төлеміне алдын ала өтініш берген жөн. Бүгінде тұрғын үй жағдайын жақсарту мақсатында біржолғы зейнетақы төлемдеріне өтініштер қабылдайтын уәкілетті операторлар: «Отбасы банк» тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ, «Қазақстан Халық банкі» АҚ, «Altyn Bank» АҚ, «Банк ЦентрКредит» АҚ және

түскен күнгі ТЖШ ескеріле отырып тексеріледі. БЖЗҚ уәкілетті оператордан электрондық хабарлама келіп түскен күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде уәкілетті оператордағы алушының арнайы шотына біржолғы зейнетақы төлемін аударды.

2022 жылға арналған ТЖШ 2022 жылдың 1 сәуірінен күшіне енетіндіктен, БЖЗҚ 2021 жылға есептелген ТЖШ шамаларына сәйкес біржолғы зейнетақы төлемдерін уәкілетті операторлардан 2022 жылдың 31 наурызына дейін (қоса алғанда) келіп түскен өтініштер бойынша аударды. Сондықтан, уәкілетті банк-көетінші 2022 жылдың 28-29 наурызынан кешіктірмей алдын-ала беруге кеңес береміз.

«Созақ үні»-ақпарат.

Балаларға тәтті таңдағанда нені білу керек?

Жаңа жылдық мерекелер қарсаңында әр ата-ана баласын сыйлықтармен қуантқысы келеді және сауда объектілерінде ұсынылған тәтті жиынтықтар ерекше сұранысқа ие. Мұндай сыйлықты таңдағанда, тәттілердің сапасы мен қауіпсіздігі туралы ұмытпаңыз. Негізгі бұзушылықтар таңбалаудың сәйкессіздігіне (өндіруші, құрамы, өткізу мерзімі туралы ақпараттың болмауы) келеді, сондай-ақ жарамдылық мерзімі өткен кондитерлік бұйымдарды өткізу фактілері бар.

Мерекені жағымсыз тосынсыйлармен бұзып алмау үшін, тәттілері бар сөмкені таңдағанда, тұтынушы негізгі ережелерді сақтау керек. Сыйлықты сатып алу алдында қаптаманың бүтіндігіне, жеткілікті сақтау мерзіміне, сондай-ақ өнімнің нарықтағы айналымының бірыңғай белгісіне (ЕАС) көз жеткізіңіз. Оның болуы өнімнің Еуразиялық экономикалық одақтың қауіпсіздік талаптарына сәйкес дайындалғанын білдіреді.

Кондитерлік өнімдер құрамында тағамдық қоспалар, консерванттар, гомогенделген майлар, оның ішінде пальма майы, синтетикалық бояғыштар, консерванттар (E202, E200, E249, E210) жоқ жиынтықтарды таңдауға басымдылық берген жөн. Балаларға қауіпсіз және пайдалы толтырғыштары бар тәттілерді - мармелад, суфле қосылған желе кәмпиттері, пастила, зефир, печенье (бисквитті, галета) беріңіз. Егер сыйлықтың ішінде ойыншық болса, онда ол туралы ақпарат қаптамада міндетті түрде көрсетілуі керек. Бұл жағдайларда жас шектеулері мен қауіпсіздік техникасы туралы есте ұстаған жөн. Ойыншықта жағымсыз иісі болмауы тиіс және тым ашық түсті, баланың жарақат алуы мүмкін өткір шығыңқы бөліктері жоқ материалдардан жасалуы керек.

Созақ ауданының СЭБ басқармасы ересектерді шығу орны белгісіз, бекітілмеген сауда орындарында сыйлықтар алмауға шақырады. Егер сатып алу кезінде өнімнің сапасына күмән туындаса, сатушылардан өнімнің сәйкестік сертификатын талап етіңіз. Кондитерлік өнімдер үшін бұл - сәйкестік туралы декларация.

Е.ТӨРЕБЕКОВ,
Созақ аудандық СЭББ басшы м.у.а.

Газеттің келесі саны мерекелік демалысқа байланысты 7-мамыр күні шығады.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің назарына!

Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге көктемгі және күзгі дала жұмыстарын жүргізуге мемлекет тарапынан жеңілдетілген жанар-жағар майды (дизель отынын) жеткізіп беруші «Ай бегім» ЖШС-нің операторы Жеңіс тел. 8-775-993-94-95 ұялы телефоны, бағасы 195 теңгеден сатылымда тұрғандығын, қазіргі таңда жеңілдетілген жанар-жағар май Шолақорған ауылдық округіндегі «Ақниет» жанармай құю бекетінде, Созақ ауылдық округіндегі «Теріскей» жанармай құю бекетінде тұрғандығын, ауылдық округтері мен кенттері әкімдіктерінің берген ұсынысына сай алуға ниет білдірген шаруаларға кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінен талон арқылы берілетіндігі хабарланады. Қосымша ақпаратты Созақ ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің ұялы телефоны - 87785941710 арқылы хабарласып біле аласыздар.

Өрт шыққан жағдайда алғашқы іс әрекеттер

Егер қайғылы оқиға орын алса, осы төтенше жағдайда келесі іс-қимылдарды білу және жасау қажет. Өрт болған жағдайда, оны бірінші көрген адам болған жағдай туралы 101 телефонына хабарлау керек. Міндетті түрде өрт болған жердің және мекен-жайын дұрыс айту, хабарласушы фамилиясын атау, тез арада көршілерге хабарлау қажет. (түнгі уақытта оларды міндетті түрде ояту керек). Осыдан соң қолда бар құралдармен (өрт сөндіргішпен, сумен) өртті сөндіруге кірісу керек. Бірақ ең алдымен, әрине адамдарды тез арада қауіпсіз жерге ауыстыру қажет. Ал өрт сөндірушілер келген кезде оларға төтенше жағдайды ауыздықтау шараларын жүргізуге кедергі келтірмеу керек.

С.СЕЙДАХМЕТОВ,
Созақ ауданындағы №11 өрт сөндіру бөлімінің бастығының орынбасары, азаматтық қорғау лейтенанты.


Мемлекеттің басты байлығы адам десек, әрбіріміздің аман-саулығымызды бақылайтын ол әрине, ақ халатты абзал жандар. Тәуелсіз елдің әрбір аймағында, әрбір өңірінде өзінің сара жолымен елге, халыққа сіңірген еңбегімен ескелең ұрпаққа үлгі болатын тау тұлғалы азаматтарымыз жетерлік. Туған жердің әрбір сайы мен қырқасы, тауы мен өзені тарихтан сыр шертеді. Әрбір жер атауының төркіні туралы талай-талай аңыздар мен әңгімелер бар. Әрбір өлкенің халқына суықта пана, ыстықта сая болған, есімдері ел есінде сақталған біртуар перзенттері бар. Ал, осындай жандарды жас ұрпақ біліп өсуге тиіс деп санаймыз.

Дәрігер мамандығы – мамандық атаулы ішіндегі ең қасиеттісі әрі абыройлысы. Дәрігер мамандығы – аса жауапкершілікті, шыдамдылықты, өз ісіне деген сүйіспеншілікті қажет ететін ұлы мамандық. Дәрігер – адам жанының арашасы, адам жанының зерттеушісі, бағдаршамы, қорғаны. Адам өміріне араша түсетін дәрігерлік мамандықты таңдау үлкен жауапкершілікті жүктейді. «Дәрігер – арыстандай айбатты, қыздай икемді, анадая мейірімді болуы керек» деген ата-бабамыздың айтқан ұлы да ұлағатты сөздері бар. Арыстандай еш нәрседен қорықпайтын өзінің бойын қорқыныштың баурап алуына жол бермейтін, қыздай өз ісіне байыппен қарайтын, өз ісіне сеніммен қарай білетін, анадая науқастарға мейірімін төге білетін, өзінің анасы қазіне қандай мейіріммен қараса, ол да науқастарға сондай мейіріммен қарай білетін жан болуы тиіс. Егер, осы аталған қасиеттердің барлығы мамандық иесінің бойынан табылса, онда ол үздік дәрігер атанар еді.

Дәрігер деген кең ұғым, қастерлі мамандық. Бұл мамандық иелерінің жауапкершілігі де мол, атқаратын жұмыстары да ауқымды. Қызығы мен шыңығы қатар жүретін осынау маңызды салаға бүкіл өмірін арнап келе жатқан абзал жандар қаншама. Солардың бірі Мадияр Бейсембеков ағамыз.

Мадияр Бейсембеков – 1952 жылы 3 қазанда Оңтүстік Қазақстан облысы, Созақ ауданы, Жартытөбе ауылында дүниеге келген. 1960-1970 жылдары аралығында Жартытөбе ауылы, Октябрьдің 50 жылдығы атындағы орта мектепті бітіріп, 1970-1971 жылдар аралығында Жартытөбе совхозында көмекші шопан болып жұмыс істеген. 1971-1973 жылдары Совет армиясы қатарында болып, азаматтық борышын өтеді. 1974 жылы Алматы мемлекеттік медицина институтының стоматология факультетіне оқуға түсіп, 1982 жылы аталған оқу орнын дәрігер-стоматолог мамандығы бойынша бітіріп шықты. 1982-1983 жылдары Шымкент облыстық стоматологиялық поликлиникасында аталған мамандық бойынша интернатурадан өтті. 1983 жылдың шілде айынан бастап 1987 жылдың желтоқсан айының 19-шы жылдызына дейін Сызған ауылдық учаскелік ауруханасында дәрігер-стоматолог және бас дәрігердің міндетін атқарушы болып жұмыс атқарды. Аудан басшылары Мадияр Бейсембековтың аз уақыт ішіндегі ұйымдастыру

төрағасы Ж.Досқалиевтің «Алғыс хатын», 2017 жылы Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау министрлігінің «Еңбек ардагері» төс белгісін иеленген. Бұл кісінің алған алғысы мен мақтау қағаздары жетерлік. Оның барлығын сіздерге тізіп отыруды жөн санамадық.



Мадияр Бейсембековтың дәрігерліктен басқа да қырлары көп десек болады. «Жігітке жеті өнер де аз» деп жатады ғой. Кезінде, Алматы қаласында жоғары оқу орнында оқып жүргенде Мәкең самбо спортымен кәсіби түрде айналысып, «спорт шеберлігіне үміткер» атанып, көптеген жарыстарда жеңіс тұғырына көтерілген екен. Ол еркін күрес, қазақша күрес түрлерін еркін меңгеріп, байырғы спортшылар Нұртаза Дүйсебеков, Рахымжан Елемесов, Қалдашбек Өтебаев сынды азаматтармен бірге шұғылданған. Уағында 57 келі салмақ

жақсы тәмсіл бар. Сол айтқандай-ақ, ағамыз елге, жастарға ақылшы ретінде өзінің сабырлы мінезімен, көрегенділігімен, білімділігімен, іскерлігімен танылған жан.

Мадияр Бейсембеков 1975 жылы Есжанова Құмкенткүл Баймұсақызы апамызбен шаңырақ көтеріп, бүгінде 3 ұл мен 3 қызды тәрбиелеп өсіріп, оларды оқытып, барлығын да өмірдегі өз жолдарына салған. Ұрпақтарының барлығы да жоғары білімді, өздерінің мамандықтары бойынша әр салада жұмыс атқарып жүр. Өсірген ұл-қыздарынан 30 шақты не-

Өмір жолы жастарға үлгі

қабілетімен білімділігін байқағасын осы жылдың 19-шы желтоқсанынан бастап Жартытөбе ауылдық учаскелік ауруханасының бас дәрігері етіп тағайындады. 1987 жылдың 19-шы желтоқсанынан 2007 жылдың 2-ші желтоқсанына дейін Жартытөбе ауылдық учаскелік ауруханасының жұмысын алға қойып, халықтың денсаулығын жақсартуға көп еңбек сіңірген. 2007-2008 жылдар аралығында Созақ аудандық медициналық статистика және талдау бюросында дәрігер-методист болып жұмыс атқарды. 2008 жылдан бастап 2016 жылға дейінгі аралықта Созақ аудандық медицина

жылдан бастап Жартытөбе ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағасы орынбасары және төрағалық қызметін бүгінгі таңда атқарып келеді. Мадияр ағамыз осы қызметтерді қабілетті іскер басшы ретінде ауыл, аудан халқына медициналық көмек көрсетудің жайын әрдайым саралап біліп отырумен қатар, өзекті мәселелерді тиісті орындардың назарына ұсынып, оның шешімін табуына себеп болып отырды. Осы қызметте еңбек етіп жүрген жылдары бірнеше рет мадақтамалар және төс белгілермен марапатталған. Мәселен, 2005 жылы Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау істері жөніндегі агенттіктің

дәрежесінде күрескен Мадияр ағамыз студенттер арасындағы Республикалық жарыста топ жарған. Спорттан бөлек асабалық өнері тағы бар. Той-томалақ, жиындар, түрлі мерекелік кештердің тізгінін ұстап, сөзге шебер екендігін көрсетіп жүретіндігін жұртшылық айтып жатады. Сондай-ақ, Мәкең аудан көлеміндегі түрлі мерекелік шараларға белсенді қатысып жүреді. «Қарттары бар ел қазыналы ел» тақырыбында өткен ардагерлер арасында сайыста жүлделі I-орын, аудан көлемінде өткен шахматтан жарыста I-орын иеленіп жүрген жайы бар. Жалпы, Мадияр аға қол қусырып қарап отырғанды ұнатпай-

мересі бар. Ал, немерелерінен шөбере де көріп отыр. Бүгінгі таңда Құмкенткүл апамыз зейнеткер. Талай жылғы еңбек өтілін білім саласына арнап, шәкірттер тәрбиелеумен өткізген.

-Бала күнінен дәрігер болуды армандадым. Халыққа көмек көрсетіп, науқастың дертіне шипа тауып берсем деген ой болды. Бүгінде арманым орындалып, халыққа пайдам тиіп, талай жылдық қызметімнен соң зейнетке шығып, бейнетімнің зейнетін көріп отырғанымға шүкір деймін. Дей тұрғанмен дәрігер болу, әрине оңай емес. Бірақ өз мамандығымды жақсы көремін. Таңнан қара кешке дейін жанына шипа іздеген науқастың қас-қабағына қарап ем-домын жасайтын ақ халаттының мәртебесі қашан да биік екені белгілі. Дәрігер мамандығының қыр-сырын қанық біліп, анық сол жолды таңдау үшін үлкен жүрек керек. Ақ халатты киіп алу шарт емес, әрбір дәрігер адам өмірінің арашасы екенін ұмытпағаны абзал, – дейді ел тілегін жанына демеу еткен, Гипократ анттына адал болған дәрігер.

Бүгінде бейнетінің зейнетін көріп, жұртшылықтың алғысына бөленіп жүрген Мадияр Бейсембеков ағамыздың еңбегі шынымен де ерен деп білеміз. Ол кісінің отбасына амандық, деніне саулық тілей отырып, әрдайым ауданымыздың дамуы жолындағы түрлі атқарып, атсалысып жүрген жұмыстарыңыздың легі толастамай, келер ұрпаққа қалдырар мұраңыз мол болсын деген тілегімізді жеткіземіз!

Нұрсұлтан ҚАНАТҰЛЫ,
Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі.



бірлестігінде бас дәрігердің ұйымдастыру-әдістемелік тәсіл ісі жөніндегі орынбасары, аудандық емхана бас дәрігерінің медициналық қызмет сапасы жөніндегі орынбасары қызметін атқарды. 2015 жылы зейнеткерлікке шыққаннан соң да 2017 жылға дейін қызметін жалғастырып, 2017

төрағасы Ж.Досқалиевтің «Алғыс хатын», 2017 жылы Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау министрлігінің «Еңбек ардагері» төс белгісін иеленген. Бұл кісінің алған алғысы мен мақтау қағаздары жетерлік. Оның барлығын сіздерге тізіп отыруды жөн санамадық.

ды екен. Әрдайым бір іспен шұғылданып отырғандығы жақсы көреді. Жастар тәрбиесімен белсенді айналысып жүреді. Іс-шаралардың басы-қасында ақылшы болып отырады. Өмірден көрген-түйгендерін жастарға үйретуден жалыққан емес. «Алпыстан асқаннан ақыл сұра» деген халқымызда

Сенімгерлік басқарушы:

"Agro-sozak" ЖШС

Меншік иесі-

"Созақ үні" газеті редакциясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Директор:

Абилпаттаев Ержан БАКЫТЖАНОВИЧ

Бас редактор:
Теңізбаев Сәрсенбек САЙЛАУБЕКҰЛЫ
Жауапты хатшы:
Мақсат Қарғабай
Редакция құрамы-

Аға тілші-
Нұржамал МАЙУСОВА
Тілшілер-
Данияр БЕКОВ
Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ
Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ
Дизайнер-
Асхан БАҚТЫБАЕВ
Терішші-
Бағила АЯЗБАЕВА

Қолжазбалар өңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен өкі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданады.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта аптасына 2 рет шығады
Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы: 161000, Шолаққорған ауылы, С.Қожанов көшесі, Байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс №
таралымы -
3900 дана

Кезекші редактор:

М.Қарғабай.